

## 2000 жылға дейінгі кезеңде жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық құралдарын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 қаңтар 1993 ж. N 5

Автомобиль көлігіндегі апартты азайту және жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық құралдарын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік автомобиль инспекциясының автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін (МАИ ААІЖ) және жолдағы қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ЖҚБАЖ) құру, оқшауланған бағдаршам объектілерін қалыптастыру және нығайту жөніндегі тапсырмалар 1 және 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
2. Жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу мен енгізу мемлекеттік қажеттілік тізбесіне енгізілетін және қайтарусыз негіздегі мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын болып белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы Бас басқармасының "Қазавтокөлікбелгі" мемлекеттік кәсіпорны техникалық құралдарды енгізу және пайдалану міндеттерін қоса атқаратын осы құралдардың басты әзірлеушісі болып белгіленсін.
4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жыл сайын жергілікті бюджеттердің мақсатты қаржыларынан "Қазавтокөлікбелгі" кәсіпорнының бөлімшелеріне қалалар мен елді мекендерде жолдағы қозғалысты реттеудің техникалық құралдарын ұсатуға қаржы бөлуді көздеу, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағындағы аталған жүйелерді әзірлеу мен енгізу мәселелерінде қажетті көмек көрсету ұсынылсын.
5. "Автомобиль және темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" КСРО Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 14 наурыздағы N 366 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1988 жылғы 11 мамырдағы N 175 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 4 қаңтардағы

N 5 қаулысына

N 1 қосымша

Мемлекеттік автомобиль инспекциясының мемлекеттік  
автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін

(МАИ МААІЖ) құру жөніндегі

(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 4 қаңтардағы

N 5 қаулысына

N 2 қосымша

Жолдағы қозғалысты басқарудың автоматтандырылған  
жүйесін (ЖҚБАЖ) құру мен енгізу, оқшауланған  
бағдаршам объектілерін қалыптастыру және нығайту

жөніндегі

(Кесте)